ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 21 сәуір №7119-26-00-2/1750 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева, хатшылықта К.Бекмолдин болып ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Сырдарья Авто» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі: Сембаев А.М.
жауапкердің өкілі: Сайджаппаров А.А.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы 2025 жылғы 06 қарашадағы № 130940015918/252755/00 (бұдан әрі -Шарт) жасалған.

Шарттардың мәні - автобус сатып алу.

Шарттың жалпы сомасы - 45 438 400 тенге.

Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі - 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025-12-31 дейін қолданылады.

Алайда Жауапкер шарттық міндеттемелерін бұза отырып, тауарды жеткізбеген.

Жауапкердің шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 28.04.2026
Заңды күшіне енген күні: 30.06.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 07.07.2026
7119-26-3-1/1306

Жауапкердің өкілі қарсы пікір ұсынды, онда жауапкер шарттық міндеттерін тиісті түрде орындау мақсатында 05.12.2025 жылы талап қоюшыға «Toyota Hiace» VIN: JTGKN9CP0S6029413 автокөлігін жеткізіп берген.

Алайда, талап қоюшының 08.12.2025 жылғы хатына сәйкес жеткізілген автокөліктің бұрын техникалық паспорты болуына байланысты жаңа емес және автокөлігін жүгірісі (пробег) 50 шақырымнан асып кеткен деп қабылдаудан бас тартылған.

Талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273 - бабтарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеменің шарттарына және заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі Заң) 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы 2025 жылғы 06 қарашадағы №130940015918/252755/00 (бұдан әрі -Шарт) жасалды.

Шарттардың мәні - автобус сатып алу.

Шарттың жалпы сомасы - 45 438 400 тенге.

Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі - 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025-12-31 дейін қолданылады.

Алайда Жауапкер шарттық міндеттемелерін бұза отырып, тауарды жеткізбеді.

ҚР АПК-нің 76-бабы 2-тармақшасына сәйкес, соттың бұрын қаралған азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген шешімімен немесе қаулысымен анықталған мән-жайлар сот үшін міндетті. Мұндай мән-жайлар тап сол тұлғалар қатысатын басқа да азаматтық істерді талқылау кезінде қайта дәлелденбейді.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен талап қоюшы «Сырдарья Авто» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын тауарды қабылдауға міндеттеу туралы талап қоюын 2026 жылғы 23 қаңтарда қанағаттандырудан бас тартқан (судья Искалиева А.С.).

Сот шешімі 2026 жылғы 16 сәуірде апелляциялық сатыда қаралып, өзгеріссіз қалдырылған (Іс №7199-26-00-2а/1901).

Қаулының мәтінінде былай делінген: «Талапты қанағаттандырудан бас тартқан кезде, бірінші сатыдағы сот, жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамауына және тауарлардың техникалық

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 28.04.2026
Заңды күшіне енген күні: 30.06.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 07.07.2026
7119-26-3-1/1306

сипаттамаларға сәйкес келмеуіне байланысты тапсырыс берушіні тауарды қабылдауға міндеттеудің заңды негіздері болмағандықтан ақылға қонымды түрде шешім қабылданды...)

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Сырдарья Авто» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойған талап коюы - қанағаттандырылсын.

«Сырдарья Авто» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Сырдарья Авто» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья

Ж.Ж.Нұрғалиева

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 28.04.2026
Заңды күшіне енген күні: 30.06.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 07.07.2026
7119-26-3-1/1306